10.1.4	Музыка сабақтары өтетін залдар, барлығы Залы для музыкальных занятий, всего	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.1.5	оның біріктірілген из них совмещенные	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.1.6	Жатын бөлмелер, барлығы Спальные комнаты, всего	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.1.7	оның біріктірілген из них совмещенные	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.1.8	Ыстық сумен жабдықтау Горячее водоснабжение	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.1.9	Пешпен жылыту Печное отопление	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.1.10	Ауладағы дәретханалар Надворные туалеты	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

А та у ы

Наименование _____ **М е к е н ж а й ы**

Адрес _____

Телефон _____

Орындаушының аты-жөні және телефоны

Электрондық почта мекенжайы

Фамилия и телефон исполнителя _____

Адрес электронной почты _____

Телефон _____

Басшы (Т.А.Ә., қолы)

Руководитель _____ (Ф.И.О., подпись) _____

Бас бухгалтер (Т.А.Ә., қолы)

Главный бухгалтер _____ (Ф.И.О., подпись) _____

М . О .

М.П.

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі төрағасының міндетін атқарушының
2012 жылғы 29 маусымдағы № 160 бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі төрағасының 2010 жылғы
10 қыркүйектегі № 254 бұйрығына
14-қосымша

**«Мектепке дейінгі ұйымның есебі» жалпы мемлекеттік статистикалық
байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық
(код 1331104, 85-К индексі, кезеңділігі жылдық)**

1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Мектепке дейінгі ұйымның есебі» (код 1331104, 85-К индексі, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) оқшау бөлмедегі орындар саны – науқас балалар стационарға жатқызылғанға дейін немесе оларды мектепке дейінгі ұйымнан үйіне алып кеткенге дейін болатын жеке үй-жайдағы орындар саны.

2) есту мүшесі бұзылған балаларға арналған топтар – нашар еститін, кейін саңырау болған және саңырау балаларға арналған топтар.

3) сөйлеуі бұзылған балаларға арналған топтар – есітуі қалыпты және бастапқы интелектісі сақталған да сөйлеу ауыр бұзылған балаларға, ерні мен таңдайының туа бітті кемістігіне байланысты операциядан кейін сөйлеуі бұзылған балаларға, тұтығумен ауыратын балалар, сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған топтар.

4) көру қабілеті бұзылған балаларға арналған топтар – нашар көретін

балаларға, қыли көзді және амблиопиясы бар балалар, кемістігі күрделі (соқыр және нашар көретін, интелектісі бұзылған немесе тірек-қозғалыс аппараты аздап салданған) балаларға арналған топтар.

5) интелектісі бұзылған (ақыл-есі кем) балаларға арналған топтар – есуастық сатысындағы (ауыр емес түрі) олигофрения диагнозы бар балаларға арналған топтар.

6) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар топтары – интелектісі қалыпты немесе психикасы мен сөйлеуі қайталама кешеуілдеген, тірек-қозғалыс аппаратының қызметі бұзылған (жарақат алу, полиомиелит, церебралды салдың жеңіл түрлері, қол мен аяқтың туа біткен және кейіннен пайда болған кемістігі, буындардың жұқпалы қабынуы, омыртқаның қисаюы салдарлары бар) балалар топтары.

3. Статистикалық нысанды ведомстволық тиістілігі мен меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйым (балабақша, мектеп-балабақша кешені, бөбекжай-бақша, бөбекжай және мектепке дейінгі шағын-орталықтар) толтырады және мемлекеттік статистика органдарына тапсырады.

Статистикалық нысанды, сондай-ақ жыл ортасында немесе жыл соңында ашылған мектепке дейінгі ұйым, сондай-ақ есепті жылы күрделі жөндеуде тұрған мектепке дейінгі тұрақты ұйым да толтырады. Мектеп-балабақша кешені статистикалық нысанды тек мектеп жасына дейінгі балаларға ғана толтырады.

Статистикалық нысанның барлық көрсеткіштері мектепке дейінгі ұйымдағы бастапқы есепке алу құжаттамалары - бұйрықтар мен өкімдер кітабы, балаларға арналған жолдамалар, қызметкерлердің жеке істері, баланың медициналық картасы, жұқпалы ауруларды тіркеу журналы, балалардың күн сайынғы келуін есепке алу табелі, техникалық төлқұжат т.с.с. деректері бойынша толтырылады.

4. 1.1-1.6-сұрақтарда тиісті торды «V» белгісімен белгілейді.

5. 1.4-сұрақтарда ұйымның жұмыс істеу режимін көрсетіледі.

6. 1.5-сұрақтарда мектепке дейінгі ұйымның бейінін көрсету қажет. Мектепке дейінгі ұйымда бейіні осы статистикалық нысанда көзделмеген балаларға арналған топ ұйымдастырылған жағдайда «басқа бейін» 1.5.6-жолына деп көрсету және мұндай топтың бейіні толық жазылады.

7. 1.6-бөлімде мектепке дейінгі ұйым ғимаратының техникалық жағдайын көрсету қажет. Күрделі жөндеуде тұрған мектепке дейінгі ұйым статистикалық нысанда күрделі жөндеу басталғанға дейінгі өз қызметін сипаттайтын көрсеткіштерді толтырады.

Балабақша бастап күрделі жөндеуге қойылған жағдайда, статистикалық нысанда мұндай бала-бақша 1.6-бөлімде 1.6.4-жолдағы белгіні қояды, ал 4- және 5-бөлімдерде балалардың күрделі жөндеуге дейін ұйымға келуі мен сырқаттануы туралы барлық деректер толтырылады, балалардың орташа жылдық саны

ұйымның күрделі жөндеуге жабылғанына дейінгі әр айдағы балалар саны туралы деректер бойынша анықталады, 6-, 7-бөлімдерде қызметкерлер туралы деректер, 9-бөлімде күрделі жөндеу басталғанға дейінгі үй-жайлар туралы мәліметтер (1-, 2-жолдар) келтіріледі. Егер мектепке дейінгі ұйым күрделі жөндеу салдарынан есепті жылы жұмыс істемесе, онда ол тек 6-, 7-, 9-бөлімдерін толтырады. Әкімшілігі бар, бірақ балалармен қамтылмаған мектепке дейінгі ұйым күрделі жөндеуде тұрған ұйым сияқты осы көрсеткіштерді толтырады. Егер мектепке дейінгі ұйым жыл соңында таратылса, онда ол статистикалық нысанның тек 4- және 5-бөлімдері бойынша толтырады.

8. 2-бөлімдегі 1-жолда есепті жылдың соңында мектепке дейінгі ұйымның тізімінде (31-желтоқсанда) тұрған балалардың саны туралы деректер бұл күні балалар мектепке дейінгі ұйымға келгеніне немесе келмегеніне қарамастан келтіріледі. Үзіліспен жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйым, балалардың саны туралы деректерді үзіліс алдындағы соңғы жұмыс айындағы тізім бойынша б е р е д і .

Жыл ішінде бөбекжай мен балабақшаны біріктірген және осы екі ұйымның базасында мектепке дейінгі аралас «бөбекжай-балабақша» ұйымын құрған кезде статистикалық нысанға бұрынғы бөбекжай мен бұрынғы бала-бақшадағы балалар саны туралы жиынтық деректерді енгізіледі.

2-8-бағандарда балалардың жалпы санынан әр жастағы балалар саны туралы деректер көрсетіледі. Егер статистикалық нысанды толтыру кезінде бөбекжайда балабақшаға ауыстырылмаған үш жастағы сәбилер болса немесе статистикалық нысанды толтыру кезінде бұл бөбекжайды «бөбекжай-бақша» деп атау туралы шешім әлі де қабылданбаса, онда үш жасар сәбилер саны туралы мәліметтер 3-бағанда келтіріледі.

9-бағанда жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбының бағдарламасы бойынша оқитын балалар саны көрсетіледі. 10-бағанда мектеп алды дайындықпен қамтылған балалар саны туралы деректер келтіріледі. Мектеп-балабақша кешені бұл бағандарды толтырмайды, өйткені мектеп алды және 1-сыныптардың оқушылары туралы мәліметтер "Жалпы білім беретін күндізгі мектептің есебі" (индексі ЖМ-1, коды 1321104 кезеңділігі жылдық) статистикалық нысанында келтіріледі.

11-бағанда тәрбиеленушілердің негізгі контингентіне енгізілмейтін және мектепке дейінгі ұйымда жарты күн болатын мектеп алды дайындықпен қамтылған оқушылардың саны туралы мәліметтер келтіріледі.

9. 3-бөлімде барлық жастағы және 3 және одан үлкен жастағы балаларға арналған топтар мен орындардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-жолда шипажайлық және арнаулы мақсаттағы оқу орындарындағы барлық топтар мен орындардың саны туралы деректер көрсетіледі, содан кейін олар

туралы мәліметтерді 2 және 3-жолдарға бөліп көрсетеді; 4-жолда балалар 24 сағат бойы болатын топтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

10. 4-бөлімде балалардың топтарда өткізген күндерінің саны (адам-күн) есепті жылдың әрбір күнінде мектепке дейінгі ұйымға келген (келмеген) балалардың санын жиынтықтау жолымен мектепке дейінгі ұйымға келу табелі негізінде анықталады.

Мектепке дейінгі ұйымда болған күндерді есептегенде оның ішінара (толық жүктемемен емес, бір мезгіл ғана) жұмыс істеген күндері де ескеріледі. Баланың мектепке дейінгі ұйымда тәулік ішінде қанша уақыт болуына қарамастан аз ғана уақытқа келіп-кетуі толық бір күн деп есептеледі. Келмеген күндер саны туралы деректер де тиісінше толтырылады.

Есепті жылы мектепке дейінгі ұйымның жұмыс күндерінің санын анықтау үшін (5-жол) оның балаларды қабылдаған барлық күндерінің деректері пайдаланылады. Демалыс, мереке күндері, жазғы уақытта (егер мектепке дейінгі ұйым бұл кезеңде жабық болса), күрделі жөндеу, түрлі апаттар мен басқа да техникалық себептер салдарынан жұмыс істемеген күндері жұмыс күндерінің санына қосылмайды. Егер мектепке дейінгі ұйым жұмыс істеуді 1 қаңтардан кешірек бастаса, онда мұндай мекеменің жұмыс күндерінің саны балаларды қабылдаған бірінші күнінен бастап анықталады.

6-жолда 1-ақпаннан бастап әр айдың 1-жұлдызына олардың тізімдік құрамын жинақтау және алынған санды мектепке дейінгі ұйыммен жұмыс істеген айлардың санына бөлу жолымен анықталатын балалардың орташа жылдық саны келтіріледі, сондай-ақ 3 және одан үлкен жастағы балалардың орташа жылдық саны анықталады.

11. 5-бөлімде мектепке дейінгі ұйымда баланың бір күн және одан да көп уақыт болмауына әкеп соқтырған, ауырған, жарақат алған және уланған барлық жағдайлар көрсетіледі.

2-бағанда - есепті жылы балалардың жасына қарамастан барлық тіркелген науқастану оқиғаларының саны, 4-бағанда - 3 және одан үлкен жастағы балалардың 3 және 5 қыздардан сәйкес деректер тиісінші (баланың ауырған кездегі жасы ескеріледі) науқастану оқиғаларының саны көрсетіледі.

10-жолда вирусты өкпенің қабынуымен, пневмококковамен, сондай-ақ басқа да бактериялық өкпенің қабынуымен, асқынған өткір интерстициалды өкпенің қабынуымен, бронх өкпенің қабынуымен және басқа өткір өкпенің қабынуымен науқастану жағдайлары енгізіледі; өткір жұқпалы аурулардан (тұмау, қызылша, көкжөтел және басқалар) кейін болған созылмалы интерстициалды өкпенің қабынуынан және өкпенің қабынуылармен сырқаттану жағдайлары туралы деректер енгізілмейді.

12. 6-бөлімде мектепке дейінгі ұйымдағы қоса атқарушыларды қоса алғанда,

барлық қызметкерлердің нақты саны туралы деректер және олардың білім деңгейі келтіріледі.

Жүктілігі мен босануға дейінгі және нәрестесі 3 жасқа толғанға дейін бала күтіміне арналған демалыстағы уақытша жұмыста болмаған қызметкерлер енгізілмейді.

11-жолда психологтардың, ана (орыс, шетел) тілі мұғалімдерінің және басқаларының саны туралы деректер көрсетіледі.

12-жолда медбикелер, аға медбикелер, үйде емдейтін медбикелер, фельдшерлер туралы мәліметтер көрсетіледі.

2-жолдан 16 және 17-жолдарға толық және толық емес жүктемемен жұмыс істейтін педагог қызметкерлердің саны бөлінеді.

Егер мектеп-бала бақшада меңгеруші лауазымының орнына директордың лауазымы енгізілген болса, ол туралы мәліметтер статистикалық нысанға (3-жолға) енгізілмейді, ол тек "Жалпы білім беретін күндізгі мектептің есебі" индексі ЖМ-1, 1321104 коды) кезеңділігі жылдық статистикалық нысанында көрсетіледі.

13. 7-бөлімде педагогикалық еңбек өтілі бойынша педагог қызметкерлер бөлінеді.

14. 8-бөлімде топтардағы тәрбиешілердің балалармен жұмыс жүргізетін тілі (тілдері) және бұл топтардағы балалар саны көрсетіледі.

15. 9-бөлімде алаң толық (ондықсыз) шаршы метрмен көрсетіледі. Жалпы алаңға балаларды орналастыруға арналған бос және бос емес бөлмелердің, меңгеруші мен дәрігер кабинеттерінің, қосалқы жайлардың, ас үйдің, дәліздің, киім ілетін, жуынатын бөлмелердің, вестибюлдердің, кіріберістердің алаңы кіреді. Ұй-жайлардың жалпы алаңына мектепке дейінгі ұйымның қажеттіліктері үшін жертөлелер мен жартылай жертөлелердің пайдаланылатын бөлігін де есепке алған жөн.

Жертөлелер мен жартылай жертөлелердің бос алаңы, қоймалардың жүк тұрған алаңы, сондай-ақ баспалдақтардың, санитарлық тораптар мен ауладағы құрылыстардың (сарайлар, гараждар, ат қоралар және тағы сол сияқты) алып отырған алаңы жалпы алаңға қосылмайды.

Егер мектеп-балабақшада, мектептпен, мектепке дейінгі ұйымдармен пайдаланатын ұй-жайлар (мәселен, акт залы) болса, оның көлемі осы статистикалық нысанда көрсетіледі.

2-жолда барлық ұй-жайлардың жалпы алаңынан топ ұяшықтарының алаңы көрсетіледі, оған қабылдау, ойын-сауық, ұйықтайтын, дәретханалық және ас үй бөлмелерінің көлемі кіреді.

Алаңы туралы деректерді толтыру үшін мектепке дейінгі ұйымның техникалық төлқұжаты пайдаланылады.

16. 10-бөлімде мектепке дейінгі ұйымдағы әр түрлі құрылыс және абаттандыру түрлерінің болуы туралы мәліметтер келтіріледі. Барлық жолдар бойынша жауаптың бірін таңдау қажет.

Ескертпе: X – осы айқындама толтыруға жатпайды.

17. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім. «Мектепке дейінгі ұйымдағы балалар саны»:
әрбір жол үшін 1-баған = 2-8 бағандардың Σ -сына
әрбір баған үшін 2-жол \leq 1-жолдан
әрбір жол үшін 9-баған \leq 1-бағаннан
әрбір жол үшін 10-баған \leq 1-бағаннан;

2) 3-бөлім. «Есепті жылдың соңында мектепке дейінгі ұйымдағы топтар мен орындардың нақты бары»:

3-5-бағандар бойынша 2, 3, 4-жолдар \leq 1-жолдан
2-4-жолдар бойынша 2-баған \leq 1-бағаннан
2-4-жолдар бойынша 4-баған \leq 3-бағаннан
егер 2-4-жолдар бойынша 1 баған $\neq 0$, онда 5 баған $\neq 0$;

3) 4-бөлім. «Есепті жылы мектепке дейінгі ұйымға келуі»:
әрбір жол үшін 2 баған \leq 1-бағаннан, 5-жолды қоспағанда
әрбір баған үшін 2-жол = 3-4-жолдардың Σ -сына
5-жол ≤ 366 күндерден;

4) 5-бөлім. «Есепті жылы балалардың наукастану жағдайларының саны»:

әрбір баған үшін 1-жол = 2-12-жолдардың Σ -сына
әрбір жол үшін 3-баған \leq 2-бағаннан
әрбір жол үшін 5-баған \leq 4-бағаннан
әрбір жол үшін 4-баған \leq 2-бағаннан
әрбір жол үшін 5-баған \leq 3-бағаннан;

5) 6-бөлім. «Есепті жылдың соңында мектепке дейінгі ұйымдардағы қызметкерлер саны және олардың білім деңгейі»:

3-7, 9, 11-15-жолдар бойынша 1 баған \geq 3-5 бағандардың Σ -сына
2-баған \leq 1-бағаннан
6-баған \leq 5-бағаннан

1-жол = 2, 12-15-жолдардың Σ -сына
2-жол = 3-4, 6-7, 9, 11-жолдардың Σ -сына
2-жол = 16-17-жолдардың Σ -сына
5-жол \leq 4-жолдан

1-3 бағандар бойынша 8-жол \leq 7-жолдан
1-3 бағандар бойынша 10-жол \leq 9-жолдан;

6) 8-бөлім. «Мектепке дейінгі ұйым топтарындағы жұмыс жүргізілетін тіл»:
2-баған \leq 1-бағаннан

әрбір баған үшін 5-жол = 1-4-жолдардың Σ -сына;
 7) 9-бөлім. «Мектепке дейінгі ұйым үй-жайының алаңы»:

$$1, \quad 2 - \text{жолдар} > 0;$$

$$2 - \text{жол} \leq 1 - \text{жолдан}.$$

8) 10-бөлім. «Мектепке дейінгі ұйымның материалдық қоры және көркейтілуі»

егер 10.1.5-жолда «Иә» жауабы таңдалса, онда 10.1.4-жолда «Иә» жауабы болуы тиіс;

егер 10.1.7-жолда «Иә» жауабы таңдалса, онда 10.1.6-жолда «Иә» жауабы болуы тиіс.

9) Бөлімдер арасындағы бақылау:

Егер 1.2-сұрақта «1.2.4» жолдың коды таңдалса, онда 2-бөлімнің 9-10-бағандары = 0;

егер 1.3-сұрақта «1.3.2» жолдың коды таңдалса, онда 3-бөлімнің 1-бағаны 2-жолы = 2-бөлімнің 1-бағаны 1-жолына;


егер 1.3-сұрақта «1.3.3» жолдың коды таңдалса, онда 3-бөлімнің 1-бағаны 3-жолы = 2-бөлімнің 1-бағаны 1-жолына;

егер 1.5-сұрақта бейіндердің бірі таңдалса, онда 3-бөлімнің әрбір бағаны үшін 3-жолы $\neq 0$;

егер 2-бөлімдегі 1-бағанның 1-жолы = 1-жол бойынша 4-8-бағандардың Σ -сына, онда 3-бөлімдегі 2-4 жолдар бойынша 2-баған = 1-бағанға, 4-бөлімдегі 1-4-жолдар бойынша 2-баған = 1-бағанға, 5-бөлімдегі 1-12-жолдар бойынша 4-баған = 1-бағанға;

7-бөлімдегі 1-4-бағандар қосындысы = 6-бөлімдегі 1-бағанның 2-жолына.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының
 2012 жылғы 29 маусымдағы № 160 бұйрығына
 9-қосымша

	Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Confidentiality is guaranteed by the state statistical agencies	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 254 бұйрығына 17-қосымша
		Приложение 17 к приказу Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 10 сентября 2010 года № 254
Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан Статистическая форма по общегосударственному статистическому наблюдению	Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, час (нужное обвести)	
Аумақтық статистика органына тапсырылады Представляется территориальному органу статистики		

Статистикалық сайтынан Статистическую формулу www.stat.gov.kz	нысанды алуға можно получить на сайте www.stat.gov.kz	www.stat.gov.kz	1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	4 0 сағаттан артық более 40 часов
---	---	-----------------	------------------------------	-----	-----	-----	------	--------------------------------------

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді тапсырмау, уақтылы тапсырмау және дәйексіз деректерді беру «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 381-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады. Непредставление, несвоевременное представление и предоставление недостоверных первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики является административным правонарушением, предусмотренным статьей 381 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

Статистикалық нысан коды 1361102 К о д статистической ф о р м ы 1361102	Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есебі Отчет о объеме оказанных услуг в области здравоохранения и предоставления социальных услуг
--	---

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер Здравоохранение и социальные услуги	Есепті кезең Отчетный период	<input type="text"/>	тоқсан квартал	<input type="text"/>	жыл год
	Тоқсандық Квартальная				

Қызметкерлер санына қарамастан, қызметінің негізгі түрі «Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер» (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодына сәйкес (ЭКЖС) – 86, 87, 88) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері тапсырады. Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с основным видом деятельности «Здравоохранение и социальные услуги» (согласно кодам Общего классификатора видов экономической деятельности (ОКЭД) – 86, 87, 88) независимо от численности работающих.

Тапсыру мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 10-шы күн.
Срок представления – 10 числа после отчетного периода.

БСН коды код БИН	<input type="text"/>
---------------------	----------------------

Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есеп, мың теңгемен қосымша құн салығынсыз (б ұ д а н ә р і - Қ Қ С)
Отчет об объеме оказанных услуг в области здравоохранения и предоставления социальных услуг, в тысячах тенге без налога на добавленную стоимость (далее – НДС)

<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

Жол коды Код строки	Қызметтің Наименование услуги	атауы	ЭҚТӨЖ* бойынша қызмет түрінің коды Код вида услуг по КПВЭД	Есепті кезеңге, барлығы 3 а отчетный период, всево	Оның қаражаттары есебінен В том числе за средств		
					бюджет бюджета	халық населения	кәсіпорн предпри
				1	2	3	4
1	Қызметтердің көлемі көрсетілген: Объем оказанных услуг: денсаулық сақтау саласындағы, барлығы в области здравоохранения, всего		86				
2	ауруханалардың қызметтері услуги больниц		86.10.1				
2.1	ауруханалардың хирургия бөлімшелерінің қызметтері услуги хирургических отделений больниц		86.10.11				
2.2	ауруханалар мен перзентханалардың гинекологиялық бөлімшелерінің қызметтері услуги гинекологических отделений больниц и родильных домов		86.10.12				
2.3	сауықтыру орталықтарының қызметтері услуги центров реабилитации		86.10.13				
2.4	психиатриялық ауруханалардың қызметтері услуги психиатрических больниц		86.10.14				
2.5	ауруханалардың дәрігерлердің бақылауымен ұсынылатын өзге де қызметтері услуги больниц, предоставляемые под контролем врачей прочие		86.10.15				
2.6	өзге де ауруханалардың қызметтері услуги прочих больниц		86.10.19				
3	жалпы дәрігерлік тәжірибе саласындағы қызметтер услуги в области врачебной практики общей		86.21.1				
4	мамандырылған дәрігерлік тәжірибе саласындағы қызметтер услуги в области врачебной практики специализированной		86.22.1				
5	стоматология саласындағы қызметтер услуги в области стоматологии		86.23.1				
6	адам денсаулығын қорғау бойынша өзге де қызметтер услуги по охране здоровья человека прочие		86.90.1				
	элеуметтік, тұратын орынды қамтамасыз етумен, барлығы						

7	социальных, с обеспечением проживания, всего	87				
8	тұруды қамтамасыз етумен науқастарды күту бойынша қызметтер услуги по уходу за больными с обеспечением проживания	87.10.1				
9	ақыл-ой немесе дене кемшіліктері, психикалық аурулар және наркологиялық ауытқулары бар адамдардың тұруымен байланысты қызметтер услуги, связанные с проживанием лиц с умственными или физическими недостатками, психическими заболеваниями и наркологическими расстройствами	87.20.1				
10	қарттар мен мүгедектерге арналған тұратын орынмен байланысты қызметтер услуги, связанные с проживанием для престарелых и инвалидов	87.30.1				
11	тұрумен байланысты өзге де қызметтер услуги, связанные с проживанием, прочие	87.90.1				
12	әлеуметтік, тұратын орынды қамтамасыз етусіз, барлығы социальных, без обеспечения проживания, всего	88				
13	қарттар мен мүгедектерге арналған тұратын орынмен қамтамасыз етусіз әлеуметтік қызметтер услуги социальные без обеспечения проживания для престарелых и инвалидов	88.10.1				
14	балаларға күндізгі қарау бойынша қызметтер услуги по дневному уходу за детьми	88.91.1				
15	басқа да топтамаларға кірмеген, тұратын жерімен қамтамасыз етусіз әлеуметтік көрсетілетін қызметтер услуги социальные без обеспечения проживания прочие, не включенные в другие группировки	88.99.1				

*** Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші.**
Классификатор продукции по видам экономической деятельности.

А т а у ы

Наименование _____

М е к е н ж а й ы

Адрес _____

Электрондық _____ **почта** _____ **мекенжайы**
Адрес электронной почты _____ Телефон _____

Орындаушының _____ **аты-жөні** _____ **және** _____ **телефоны**
Фамилия и телефон исполнителя _____ Телефон _____

Басшы _____ (Т.А.Ә., қолы)
Руководитель _____ (Ф.И.О., подпись)

Бас бухгалтер _____ (Т.А.Ә., қолы)
Главный бухгалтер _____ (Ф.И.О., подпись) _____

М . О .

М.П.

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі төрағасының міндетін атқарушының
2012 жылғы 29 маусымдағы № 160 бұйрығына
10-қосымша

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі төрағасының 2010 жылғы
10 қыркүйектегі № 254 бұйрығына
18-қосымша

«Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есеп» (коды 1361102, индексі Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есеп» (коды 1361102, индексі Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады :

1) қызмет көрсету – адамның немесе тұтастай қоғамның түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет. Қызмет көрсету сатып алу - сату объектісі болып табылады, мұнда өндірушінің (қызмет көрсетуші тараптың) шығындары олардан түскен түсім және мемлекеттік бюджеттің қаражаты, ерікті жарналар немесе мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар, сондай-ақ кәсіпорындар мен халықтың қаражаты есебінен толығымен немесе едәуір өлшемде жабылады;

2) көрсетілген қызмет көлемі – кәсіпорындардан, ұйымдардан немесе/және тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) түскен қаржы көлеміндегі денсаулық сақтау ұйымдары көрсеткен қызмет көлемдерінің құны болып табылады және өз кезегінде алынған немесе алынуға тиіс табыс ретінде мекемелердің өткізу құны бойынша бағаланады.

3. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерге статистикалық нысандарды тапсыруға заңды тұлғамен өкілеттік берілсе, онда ол осы статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша статистика органдарына тапсыруы қажет. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің статистикалық нысандарды тапсыруына өкілеттігі болмаса, онда заңды тұлға өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бөлінісінде олардың орналасқан жерін көрсете отырып, есепті статистика органдарына өзінің орналасқан жері бойынша тапсырады.

4. «Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы көрсетілген қызметтердің көлемі» көрсеткіші негізгі қызмет түрі бойынша орындалған қызметтің жалпы көлемін көрсетеді. Көрсетілген қызметтердің құны қосылған құн салығын және акциздерді есептемегенде ағымдағы бағалармен көрсетіледі. Бұл сомадан халықтың және тұтынушылардың басқа санаттарының (кәсіпорындар және бюджеттің) меншікті қаражаты есебінен төленетін қызмет көлемі бөлінеді. Бұл көрсеткіш оларды орындау кезінде оларды төлеу уақытына қарамастан (көрсетілген қызмет көлемін есепке алу есептеу әдісі бойынша жүргізіледі) көрсетілген қызметтердің құны болып табылады.

Көрсетілген қызметтердің көлеміне көрсетілген қызметтердің барлық шығындары кіреді:

көліктік-дайындау шығыстарын есепке ала отырып, қызмет көрсету үдерісінде қолданылатын барлық материалдардың құны; қызмет көрсету үдерісінде қолданылатын отынның барлық түрлері мен сатып алынған энергияның (электр, жылу) құны; өзге ұйымдар атқарған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтердің құны:

негізгі құралдардың барлық түрлері бойынша есепті кезеңде есептелген амортизациялық аударымдар сомасы; кәсіпорын қаражаты есебінен төленетін қызметкерлерге ақшалай

жәрдемақыны қоса, жалақы шығыстары, сондай-ақ жалақы қорында ескерілмейтін барлық шығыстар;

өзге де шығыстар: бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің сомасы (акциздерді, қосылған құн салығы және басқа да оған теңестірілген төлемдерді қоспағанда), қызметтік іссапар кезіндегі тәуліктік ақы, қайырымдылық көмек, өзге ұйымдар орындаған өндірістік емес қызметтердің құны (құқық, бухгалтерлік есеп және аудит, сәулет саласындағы қызметтерге, жарнамаға шығындар, банк қызметтері, сақтандыру ұйымдарының қызметтері, б а й л а н ы с қ ы з м е т т е р і).

Көрсетілген қызметтердің көлеміне құрылысқа немесе ғимараттың және имараттың күрделі жөндеулеріне, жаңғырту машиналар және жабдықтардың оларды пайдалану мерзімін көбейту және өнімділігін жоғарылату мақсатында (мұндай шығыстар негізгі капиталдың жалпы жинақталуы ретінде түсіндірілді) жөндеуге кететін шығындар қосылмайды.

Қызмет көлемі бойынша деректер мың теңгемен, ондық белгісіз келтіріледі. Барлық көрсеткіштер есепті тоқсанға ұлғаю көлемінсіз келтіріледі.

5. 2.3-жолда оңалту орталықтары қызметтерінің (санаторлық-курорттық қызметтер) көлемі көрсетіледі.

2.6-жолда өзге де ауруханалардың қызметтерінің (фармацевтикалық қызмет, күту бойынша қызмет, техникалық қызмет және зертханалық қызмет, радиологиялық және анестезиологиялық қызмет және басқалары) көлемі көрсетіледі.

6. Арифметикалық-логикалық бақылау

«Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы көрсетілген қызметтердің көлемі»:

1-жол = 2, 3, 4, 5, 6 жолдар қосындысына әрбір бағандар үшін;

2-жол = 2.1-2.6 жолдар қосындысына әрбір бағандар үшін;

7-жол = 8-11 жолдар қосындысына әрбір бағандар үшін;

12-жол = 13-15 жолдар қосындысына әрбір бағандар үшін;

1-баған = 2-4 бағандар қосындысына әрбір жолдар үшін.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2012 жылғы 29 маусымдағы № 160 бұйрығына 11-қосымша



Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 254 бұйрығына 19-қосымша

Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики		Приложение 19 к приказу Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 10 сентября 2010 года № 254															
Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан Статистическая форма по общегосударственному статистическому наблюдению		Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, час (нужное обвести)															
Аумақтық статистика органына тапсырылады Представляется территориальному органу статистики																	
Статистикалық нысанды алуға болады Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz		<table border="1"> <tr> <td>1 сағатқа дейін</td> <td>1-2</td> <td>2-4</td> <td>4-8</td> <td>8-40</td> <td>4 0 сағаттан артық</td> </tr> <tr> <td>до 1 часа</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>более 40 часов</td> </tr> </table>				1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	4 0 сағаттан артық	до 1 часа					более 40 часов
1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	4 0 сағаттан артық												
до 1 часа					более 40 часов												
<p>Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді тапсырмау, уақтылы тапсырмау және дәйексіз деректерді беру «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 381-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.</p> <p>Непредставление, несвоевременное представление и предоставление недостоверных первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики является административным правонарушением, предусмотренным статьей 381 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».</p>																	
Статистикалық нысан коды 1371102 К о д статистической формы 1371102		Білім беру ұйымның көрсеткен қызметкер көлемі туралы есебі Отчет организации образования об объеме оказанных услуг															
Білім беру қызметтері Услуги образования		<table border="1"> <tr> <td rowspan="2">Есепті кезең Отчетный период</td> <td colspan="2"></td> <td rowspan="2">тоқсан квартал</td> <td colspan="2"></td> <td rowspan="2">жыл год</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>					Есепті кезең Отчетный период			тоқсан квартал			жыл год				
Есепті кезең Отчетный период			тоқсан квартал			жыл год											
Тоқсандық Квартальная																	
<p>Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 85-кодына сәйкес қызметкерлерінің санына қарамастан қызметінің негізгі түрі «Білім беру» болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері толтырады және тапсырады.</p> <p>Заполняют и представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с основным видом деятельности «Образование» согласно коду Общего классификатора видов экономической деятельности – 85 независимо от численности работающих.</p>																	
Тапсыру мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 10-шы күн. Срок представления – 10 числа после отчетного периода.																	
БСН коды код БИН																	

1. Көрсетілген қызметтердің көлемін көрсетіңіз, мың теңгемен қосылған құн салығынсыз (бұдан әрі - ҚҚС)

Укажите объем оказанных услуг, в тысячах тенге без налога на добавленную стоимость (далее - НДС)

Жол коды Код строки	Қызметтің Наименование услуги	ЭҚТӨЖ ¹ бойынша қызмет түрінің коды Код вида услуг по КПВЭД	Есепті кезеңге, барлығы 3 а отчетный период, всего	Соның ішінде қаражаттары есебінен: В том числе за счет средств:		
				бюджет бюджета	халық населения	кәсіпорындар предприятий
			1	2	3	4
1	Көрсетілген қызметтер, барлығы Оказано услуг, всего					
2	мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтер услуги в области дошкольного воспитания и обучения	85.10.1				
3	бастауыш білім беру саласындағы қызметтер услуги в области начального образования	85.20.1				
4	негізгі және жалпы орта білім беру саласындағы қызметтер услуги в области основного и общего среднего образования	85.31.1				
5	техникалық және кәсіптік орта білім беру саласындағы қызметтер услуги в области технического и профессионального среднего образования	85.32.1				
6	орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы қызметтер услуги в области послесреднего образования	85.41.1				
7	жоғары білім беру саласындағы қызметтер услуги в области высшего образования	85.42.1				
8	спорттық білім беру және бос уақытты ұйымдастыратын мамандарды оқыту саласындағы қызметтер услуги в области спортивного образования и образования специалистов организации досуга	85.51.1				
9	мәдениет аясында білім беру саласындағы қызметтер услуги в области образования в сфере культуры	85.52.1				

10	жүргізушілерді дайындау мектептерінің қызметтері услуги школ подготовки водителей	85.53.1				
11	басқа топтамаларға енгізілмеген, өзге де білім беру саласындағы қызметтер услуги в области образования прочие, не включенные в другие группировки	85.59.1				
12	қосалқы білім беру қызметтері услуги образовательные вспомогательные	85.60.1				

1 ЭҚТӨЖ мұнда және бұдан әрі - Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші.

КПВЭД - здесь и далее - Классификатор продукции по видам экономической деятельности.

2. Интернет желісі арқылы ұсынылатын, көрсетілген қызметтердің көлемін көрсетіңіз, мың теңгемен ҚҚС-сыз

Укажите объем оказанных услуг, предоставляемых через сеть Интернет в тысячах тенге без НДС

Жол коды Код строки	Қызметтің атауы Наименование услуги	ЭҚТӨЖ бойынша қызмет түрінің коды Код вида услуг по КПВЭД	Есепті кезеңге, барлығы 3 а отчетный период, всего	Соның қаражаттары ішінде есебінен: В том числе за счет средств:		
				бюджет бюджета	халық населения	кәсіпорындар предприятий
			1	2	3	4
1	Жалпы көлемінен Интернет желісі арқылы ұсынылатын, көрсетілген қызметтер, барлығы Из общего объема, оказано услуг, предоставляемых через сеть Интернет, всего					
2	бастауыш білім беру саласындағы қызметтер услуги в области начального образования	85.20.1				
3	негізгі және жалпы орта білім беру саласындағы қызметтер услуги в области основного и общего среднего образования	85.31.1				
4	техникалық және кәсіптік орта білім беру саласындағы қызметтер услуги в области технического и	85.32.1				

	профессионального среднего образования				
5	орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы қызметтер услуги в области послесреднего образования	85.41.1			
6	жоғары білім беру саласындағы қызметтер услуги в области высшего образования	85.42.1			

А т а у ы _____ **М е к е н ж а й ы** _____

Наименование _____ Адрес _____

Э л е к т р о н д ы қ _____ **п о ч т а** _____ **м е к е н ж а й ы** _____

Адрес электронной почты _____ Телефон _____

О р ы н д а у ш ы н ы ң _____ **а т ы - ж ө н і** _____ **ж әне** _____ **т е л е ф о н ы** _____

Фамилия и телефон исполнителя _____ Телефон _____

Б а с ш ы _____ (Т.А.Ә., қолы)

Руководитель _____ (Ф.И.О., подпись) _____

Б а с б у х г а л т е р _____ (Т.А.Ә., қолы)

Главный бухгалтер _____ (Ф.И.О., подпись) _____

М . О .

М.П.

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі төрағасының міндетін атқарушының
2012 жылғы 29 маусымдағы № 160 бұйрығына
12-қосымша

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі төрағасының 2010 жылғы
10 қыркүйектегі № 254 бұйрығына
20-қосымша

**«Білім беру ұйымының көрсеткен қызметтер көлемі туралы есебі»
(коды 1371102, индексі Білім беру қызметтері, кезеңділігі
тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың**

статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Білім беру ұйымының көрсеткен қызметтер көлемі туралы есебі» (коды 1371102, индексі Білім беру қызметтері, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қ о л д а н ы л а д ы :

1) қызмет көрсету – адамның немесе тұтастай қоғамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет. Қызмет көрсету сатып алу-сату объектісі болып табылады, мұнда өндірушінің (қызмет көрсетуші тараптың) шығындары оларды өткізуден түскен түсімдер есебінен, мемлекеттік бюджеттің қаражаты, ерікті жарналар немесе мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар, сондай-ақ кәсіпорындар мен халықтың қаражаты есебінен толығымен немесе едәуір өлшемде жабылады;

2) Интернет желісі арқылы ұсынылатын қызметтер – бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғарғы білім деңгейлері бойынша оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, оқу ұйымының сайты әзірлеу және жүргізу, оқушылардың оқытушылармен және бір-бірімен өзара интерактивті әрекеттесуі нысандарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Интернет желісін қолдану негізінде оқу үдерісіне әкімшілік ету бойынша қызметтер. Осы қызметтер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 қаулысымен бекітілген Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының ш е ң б е р і н д е ұ с ы н ы л а д ы .

3. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшеге статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктер заңды тұлғамен берілсе, онда ол осы статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша статистика органдарына тапсырады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшенің статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктері болмаса, онда заңды тұлға өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде олардың орналасқан жерін көрсете отырып, статистикалық нысанды статистика органдарына өзінің орналасқан жері бойынша тапсырады.

4. 1-бөлімнің 1-жолында көрсеткіші негізгі қызмет түрі бойынша орындалған қызметтердің жалпы көлемін көрсетеді. Көрсетілген қызметтердің құны қосылған құн салығын және акциздерді есептемегенде ағымдағы бағалармен көрсетіледі. Бұл сомадан халықтың және тұтынушылардың басқа санаттарының (

кәсіпорындар және бюджеттің) меншікті қаражаты есебінен төленетін қызметтер көлемі бөлінеді. Бұл көрсеткіш оларды орындау кезінде оларды төлеу уақытына қарамастан (көрсетілген қызметтер көлемін есепке алу есептеу әдісі бойынша жүргізіледі) көрсетілген қызметтердің құны болып табылады.

Көрсетілген қызметтердің көлеміне қызметтерді ұсыну бойынша барлық шығындар кіреді:

көліктік-дайындау шығыстарын есепке ала отырып, қызмет көрсету үдерісінде қолданылатын барлық материалдардың құны; қызмет көрсету үдерісінде қолданылатын отынның барлық түрлері мен сатып алынған энергияның (электр, жылу) құны;

өзге ұйымдар атқарған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтердің құны;

негізгі құралдардың барлық түрлері бойынша есепті кезеңде есептелген амортизациялық аударымдар сомасы;

кәсіпорын қаражаты есебінен төленетін қызметкерлерге ақшалай жәрдемақыны қоса, жалақы шығыстары, сондай-ақ жалақы қорында ескерілмейтін барлық шығыстар;

өзге де шығыстар: бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің сомасы (акциздерді, қосылған құн салығы және басқа да оған теңестірілген төлемдерді қоспағанда), қызметтік іссапар кезіндегі тәуліктік ақы, қайырымдылық көмек, өзге ұйымдар орындаған өндірістік емес қызметтердің құны (құқық, бухгалтерлік есеп және аудит, сәулет саласындағы қызметтерге, жарнамаға шығындар, банк қызметтері, сақтандыру ұйымдарының қызметтері, байланыс қызметтері).

Көрсетілген қызметтердің көлеміне құрылысқа немесе ғимараттың және имараттың күрделі жөндеулеріне, жаңғырту машиналар және жабдықтардың оларды пайдалану мерзімін көбейту және өнімділігін жоғарылату мақсатында (мұндай шығыстар негізгі капиталдың жалпы жинақталуы ретінде түсіндірілді) жөндеуге жұмсалған шығындар қосылмайды.

Қызмет көлемі бойынша деректер мың теңгемен, ондық белгісіз келтіріледі. Барлық көрсеткіштер есепті тоқсанға ұлғаю көлемінсіз келтіріледі.

5. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-бөлім «Көрсетілген қызметтердің көлемін көрсетіңіз, мың теңгемен қосылған құн салығынсыз (ҚҚС-сыз мұнда және бұдан әрі)»:

1-бөлімнің 1-бағаны = 2-4 бағандар Σ әрбір жолдар үшін

1-бөлімнің 1-жолы = 2-12-жолдар Σ әрбір бағандар үшін

2) 2-бөлім «Интернет желісі арқылы ұсынылатын, көрсетілген қызметтердің көлемін көрсетіңіз, мың теңгемен -ҚҚС-сыз»:

2-бөлімнің 1-бағаны = 2-4 бағандар Σ әрбір жолдар үшін

2-бөлімнің 1-жолы = 2-6 жолдар Σ әрбір бағандар үшін.

3) Бөлімдердің арасындағы бақылау:

1-бөлімнің 1-жолы >2-бөлімнің 1-жолынан әрбір бағандар үшін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК